Алматы облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық балалар клиникалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ішкі талдауының қорытындысы бойынша мәжілісінің

ХАТТАМАСЫ

Өтеген батыр ауылы **2023 жылғы 26 шілде**

Қатысқандар: аурухана директоры, директор орынбасарлары, бөлімше меңгерушілері, дәрігерлер, аға мейіргерлер, әкімшілік, аурухана қызметкерлері, комплаенс-офицер Н.Кенжегараев.

Күн тәртібі

1.Алматы облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық балалар клиникалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 2022 жылға жүргізілген ішкі талдау қорытындысын талқылау.

Комплаенс-офицер Н.Кенжегараев: Кәсіпорынның 04.07.2023ж. №110-Ө бұйрығымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы құрылған болатын. Жұмыс тобы 2023 жылғы 17-21 шілде аралығында Кәсіпорынның 2022 жылғы қызметіне талдау жүргізді. Жұмыс тобы құрамы:

Ахан Р.А. – кәсіпорын директорының медициналық жұмыстар жөніндегі орынбасары, топ жетекшісі

Алибаева Г.Е. - кәсіпорын директорының медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары

Кенжегараев Н.Д. – кәсіпорынның комплаенс-офицері

Утешева К.Ж. – консультациялық-диагностикалық емхана дәрігері

Сүйербаева Э.Е. – бас экономист.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына

және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді. Үлгілік қағидада көрсетілген 9 тармақ бойынша талдау жұмыстары атқарылды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобы Кодекстерді, Заңдарды, НҚА, бөлімшелер өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді. Талдау барысында жұмыс тобы Персоналды басқару қызметінде ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің азаматтардың Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтері мен Соттылықтың болуы не болмауы туралы, Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы анықтамалары қызметкерлердің жеке істерінде тіркелгендігін анықтады. Нормативтік-құқықтық тұрғыдан Кәсіпорында қызмет атқарушы қызметкерлердің құжаттары ҚР қолданыстағы заңнамаларына сәйкес екендігі айқындалды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі жасалып, олардың қызметтеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері сараланды. Басқарушылық функцияны орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асыру, ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану, мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу және пайдалану, қызметтік өкілеттіктерді пайдалануға байланысты сыйлықтар қабылдау фактісі анықталған жоқ. Кәсіпорында рұқсат беру функциялары жүзеге асырылмайды.

Жұмыс тобы мүшелері бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлуге талдау жұмыстарын жүргізу барысында Кәсіпорында қордаланған, негізгі мәселеге айналатын, түрлі тәуекелдерді тудыратын мәселе - қаржы көздерінің дұрыс қалыптастырылмауынан туындайтынын айқындады. Медицаналық мекемелерді қаржыландыру мәселесі мен механизмдері оң шешімін таппаған жағдайда, бөлінген қаржы қорының басым бөлігі жалақы қорына кетуінен, медициналық қызметті көрсету мен ұйымдастырудың сапасы төмендейді, қаржы жеткілікті бөлінбегендіктен, түрлі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкіндігі анықталды. Кәсіпорында қаржы қорының басым бөлігі еңбекақыға жұмсалады, ағымдағы жөндеу жұмыстары мен ғимаратты күтіп ұстау, кеңсе және оргтехника, шаруашылық тауарларына қаржы тапшылығы орын алады. Медициналық мекемелерді бюджеттен қаржыландыруды арттыру, МӘМС жүйесінің механизмдерін жетілдіру медициналық мекемелер үшін өте өткір тақырып екендігіне назар аударылды.

Кәсіпорында көрсетілетін медициналық қызметтер мен медициналық көмекті материалдық ұйымдастыру (дәрілік заттар мен медициналық

бұйымдармен қамтамасыз ету) қолданыстағы ҚР заңнамаларына сәйкес жүргізіледі. Емдеу процесінің ақпараттық жүйелерде ресімделуін бақылауды Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Алматы облысы бойынша филиалы жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында жұмыс тобы мүшелері алдағы уақытта атқарылуы керек мынадай шараларды анықтады:

- Кәсіпорынға қызметке қабылданатын азаматтарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен таныстыру;
- Кәсіпорын қызметкерлерінің ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларын меңгергендігін анықтау үшін тестілеулер жүргізу;
- Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары мен өзге де заңсыз әрекеттері (не әрекетсіздігі) туралы әлеуметтік желілерде, баспа және электронды бұқаралық ақпарат құралдарында, телеарналар сюжеттерінде жарияланған материалдарға мониторинг жасау;
- Кәсіпорын қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын жасаған кезде жауапкершілікке тартылатындығын жеткізу, Қызметкерлерді басқару қызметі әрбір қызметкердің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларымен танысқандығын растайтын жеке қолдарын қойған құжаттардың жүргізілуін қамтамасыз ету.

ШЖҚ «Облыстық балалар клиникалық ауруханасы» МКК комплаенс-офицері **Н.Кенжегараев**